

Л. А. Мекебаева,

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Мемлекеттік тіл кафедрасының
аға оқытушысы, ф.ғ.к.*

КӨРКЕМ СӨЗДІҢ ЗЕРГЕРІ

Қазақ әдебиетінің даму арналарынан проза жанрының бағыт-бағдарларымен бірге – «жана дәуір эпопеясы» (В.Белинский), «ұлы әңгіме» (А.Байтұрсынов) – деп бағалаған романның да бітім-болмысы, жанрлық-көркемдік қырлары, тұтастай табиғаты терең танылады. Сонымен қатар қазақ әдебиетінде роман жанрының тарихы мен теориясы тақырып табиғатымен, мазмұн, түр ерекшеліктерімен, суреткерлік әдіс-тәсілдерімен де дараланады. Романда суреттелетін дәуір дидары, ондағы өмір шындығы мен көркемдік шешім сипаттарын ашуға арналған еңбектер туды. Олар баяндау үлгісіне қарай әлеуметтік, мемуарлық тарихи, отбасылық-тұрмыстық, ал поэтикалық бітіміне сәйкес роман-пародия, роман гротеск, тақырыбына қарай жастық, махаббат, соғыс т.б. болып жүйе құрайды. Бұдан басқа ашық, жабық романдар, саяси-философиялық, мемуарлық, лирико-драмалық роман, роман-памфлет, роман-сапарнама, роман-трагедия т.б. түрлері де бар.

Қазақ прозасының бастапқы кезеңдерінде – Абай қара сөздерінің, Ыбырай әңгімелерінің әсер, ықпалы мол болды. Сондай-ақ «Бақытсыз Жамал», «Қалың мал», «Қамар сұлу» романдырының жарық көруі – ХХ ғасырдың басындағы ұлттық прозаның қалыптасу, даму жолдарын кеңінен танытты.

Басты ерекшелігі: «... ХХ ғасырдың басында жазылған шығармалардың көркемдік деңгейлері әркелкі екені белгілі. Ақынның не жазушының білімі мен біліктілігіне, таным өрісіне, шығармашылық шеберлігіне сай түрлі деңгейде жазылуы заңды да. Өйткені ол кезде прозамыз үйрену, қалыптасу сатысында еді. Ал олардың ортақ жетістігі бұл шығармалардың роман жанрының алғашқы қарлығаштары болуымен бірге, замана шындығын ашып көрсетуде ілкі қадам жасап, прогресшіл ой-пікірді дәл уақытында айта біліп, ұлттық сөз өнерінің қажетіне жарап, кейінгі өскелең прозамыздың дамуына игі әсерін тигізуде», - еді (1, 104б.).

Ұлттық сөз өнерімізге айрықша еңбек сіңірген Ж.Аймауытұлы проза жанрында өнімді істер атқарды. Ең алдымен, шағын жанрдан

көлемді романға дейін өнімді еңбек етті. Соның ішінде 1916 жыл оқиғасы мен қазақ әйелінің өмір тағдырын арқау еткен – «Қартқожа», «Ақбілек» романдарының алатын орны да, маңызы да зор.

Роман табиғаты мен көркемдік-стильдік сипаттары туралы академик С.Қирабаев: «Бұл қазақ кедейінің өмірін, оның әлеуметтік бейнелеуге арналған қазақ әдебиетінің алғашқы елеулі шығармасы» десе, (2, 6б.) профессор Р.Сағынбекұлы: «Автор романның үш бөлімінде Қартқожаның адамдық, азаматтық әлемін, жаңалық-жақсылыққа құштар көңілін кезең келбетіне сай суреттеп, сол арқылы есею, өсу жолдарын тартымды баяндайды», - деп жазады (3, 49б.).

Роман табиғаты мен жазылу сыр-сипаттарында да өзіндік өзгешеліктер бар. Ақын-қаламгер Д.Әбілев «Жүсіпбек аға» атты естелігінде романның жазылу тарихынан былай деп бірсыпыра мағлұматтар береді: «Не жазғалы жүрсін? Нені өрнектеп жатырсың?» деп сұрағанда С.Дөнентаевтың сұрағына Жүсіпбек:

– Екі романға ойым бар, Сәбит! Бірінің аты – «Қартқожа», екіншісінің аты – «Ақбілек» болмақ керек. Мұнымның өзі күлкілі-ау деймін. Құрсақта әлі қимылдай да қоймаған балаға ат қойған әке тәрізді боп отырмын-ау өзі..

Сәбит:

– Ондай парзентке бүкіл ел боп зәруміз ғой. Перзентіңнің екеуінің аты да періштенің құлағына шалынсын!

Мағаз аға:

– Әлгі ... ертегідегі «Қарт қожақ» батыр ма оның?

Жүсіпбек:

– Ертегідегі Қарт қожақ емес, Маға. Бүгінгі Жұман ақсақалдың баласы – Қартқожа. Білесіз. Өзіңіздің Қартқожаныз.

– Соны роман етпексің бе?

Жүсіпбек:

– Ия, Маға! Гәп, міне, сіздің осы таңдануыңызда.

Тасқа ылғи қына шыға бермейді. Шынар шығаруымыз керек. Кешегі

өмір шиырынан бүгінгі өмір туралы. 1916 жылғы көтеріліс есіңізде ме? Алғабас тауындағы көтеріліс... Сонда көтерілісшілер ішінде, көтерілістің мәнін әлі түсініп те болмаған, босаң, момын, уыз жігіт Қартқожа, көтерілісшілер тарай бастағанда салы суға кетіп, арық торы байталына солбырайып мініп, солғын тебініп үйіне қайтып бара жатқан Қартқожа 1920 жылы апрель айында Сұлтанмахмұттың көңілін сұрай барады. Сонда орысша оқуға Сұлтанмахмұтқа уәде береді. Артынан Қартқожа Омбыға оқуға кетіпті. Рабфакқа түсіпті. Енді соның былайғы жәйін сөз етпекпін... Жаза бастасам да жазым баспау үшін аяқтауын асықпаймын» (4).

Романның үш бөлімінде көптеген тараулар бар. Қазақ даласы, өмір-тұрмыс суреттерінен өзге Қартқожаның адами әлемі, дүниетаным иірімдері кең орын алған. Автор өмір-тұрмыс сырларын терең зерттеп, соған сай еңбек адамдарын, олардың іс-әрекеттерін нанымды көрсетеді. Қыр көріністері, қазақ отбасының жүдеу тұрмыстары, адамдардың қарым-қатынастары, өмірге, еңбекке көзқарастары реалистік сипат алған.

Бұл жайттар роман табиғатынан, әсіресе Қартқожа төңірегінен терең танылады. Қартқожа романы деректі шығарма емес, жазушының нақты өмір матермалдарын көркем жинақтауынан туындаған дүние. Бұл туынды – Ж.Аймауытовтың шығармашылық табысы болуымен қатар, қазіргі қазақ әдебиетінің де табысы. Дәуір шындығы көркем өнер шындығына айналған, көп қырлы, көп сырлы нағыз халықтық шығарма.

«Қартқожа» романында ұзақ заман хикаясы баяндалады. Ірі тұлғалар, мықты характерлер, мінез-құлықтар бар. Ескінің өшіп, жаңаның өсіп келе жатқан заманында күрескерлік дәрежеге көтерілген Қартқожадай қажырлы жанмен танысамыз. Қартқожаның көзқарасындағы, дүние танымындағы үлкен эволюция нанымды дамып отырады. Бұған романның соңғы бөлімінде Қартқожаның – саяси күрескер, қоғам қайраткері ретінде көрінуі дәлел бола алады.

Қартқожаның жүріп өткен жолы, өміртағдыры арқылы көркем де кестелі, кемел суреттелінеді. Жазушы қолтаңбасынан өмір-тұрмыстың сырлы суреттері, ой-сөз жүйесінің үйлесім-өрнектері, стиль сұлулығы ерекше серпінмен, шабытпен баяндалады.

Романда жастар бейнесі көптеп кездеседі. Оқыған шәкірт – Жүніс, оның ғашығы – Шәмкен, патша жарлығына наразы – Дәрмен, Имақан, Нығыман т.б. өзіндік көзқарастары бар, әрі азаттық үшін алыса білетін, сыртқы жаудан елін де, жерін де қорғауға дайын тұлғалар ретінде есте қалады. Олардың бір-біріне деген қарым-қатынасы, өзара ынтымақтастығы нанымды әсер қалдырады. Ортақ іске бар адамдай жұмылулары да сенімді, мәнді.

Романдағы жастар бейнесі, соның ішінде Дәрмен сегіз қырлы, бір сырлы дарын (ақын әрі әнші, батыр әрі палуан), әрі өткен мен келешек туралы өзіндік көзқарас, түсініктері бар. Оның ақын-әнші өнерпаздығы Қартқожамен қатар қалың көптің көңілінен шығады. Дәрмен ән-өлеңі арқылы қазақ өмірін, адамдары мен даласын, ел-жер сипатын кең көлемде көрсетеді. Мысалы: «... жігіттер Дәрменге тағы да айт деп сұрады. Ол өзі де айтқалы отыр екен, бөгелген жоқ. Иманжүсіпті, Бүркітбайдың «Мұстапасын», Жарылғап қажының «Алтыбасарын», тағы бірнеше әндерді түйдегімен тастап жіберді. Мұң мен назы аралас Мұстапаның зарлы әні, жорғадай тайпалып, күйіндай екпіндеген Жарлығаптың екілі «Алтыбасары» Дәрменді де қызықтырды, екілендірді, салған сайын оның ас-қардай асқақ, Арқадай байтақ, тұлпардай желді, алыптай еркін ащы айғайы аспанға құлаш сермеді, тау да сай да, бұлақ та, тал да Дәрменге үн қосты» (2, 726.). Жазушы өнер тақырыбын, осы төңіректегі ойлары мен толғаныстарын – Дәрмен таланты, өнерпаздығы арқылы кеңінен көрсетеді.

Романдағы Сұлтанмахмұт пен Қартқожаның сұхбатынан көңіл жақындығы сезіліп тұрады:

«Сол жылы Сұлтанмахмұт деген жас ақын Семейден ауырып, еліне келген. Қартқожа Махмұтты білген. Ол ақ жүрек, кедейшіл, жалынды жас ақын болатын. Елдегі байлардың, жуан атаның нашарға істеген қиянатын, зорлығын газетке жазып, күштілермен ұстасып жүретін. Сұлтанмахмұт жуандардан қорықпайтын, бетің-жүзің демей, көңілдегісін айтып салатын. Семейдегі жастар Сұлтанмахмұтты қолдайтын, үлкендері адамгершілігін, турашылдығын, тазалығын, ақындығын бағалап, сыйлайтын ...

Махмұт үйде екен. Қартқожаның келгеніне қуанып қалды. Бірақ жүдеу екен, жөтелі жиі

ұстап, көп сөйлесе зорланып қалады екен...» (2, 120-121бб.).

Ақиқатында автор Қартқожа мен Сұлтанмахмұттың өзара сұхбаты арқылы халық болашағына қатысты көкейтесті мәселелерді (азаттық, еркіндік, елдік, мұрат, тәуелсіздік талаптары т.б.) кеңінен қозғайды. Әсіресе азаттық, теңдік мәселесінің қазаққа, оның өмір-тұрмысына ауадай қажеттілігі терең сезіледі. Ел еркіндігі мен тәуелсіздігі қашанда қымбат, қастерлі екенін назарда ұстасақ, мұның ортақ, үлгілі үрдістері – Қартқожа мен төңірегіндегілерден (Сұлтанмахмұт, Дәрмен т.б.) олардың көзқарас, әрекеттерінен жарқын көрініс тапқан.

Егер біз әрбір кейіпкердің тілдік ерекшелігін тауып қолдана білу әдебиеттің басты шартының бірі десек, ол міндет Ж.Аймауытұлының шығармасында мейлінше жан-жақты, кең жүзеге асқанын көреміз. Бұл, әрине, жазушының қоғамдағы билік баспалдағының түрлі биігінде тұрған адамның сөздік қоры арқылы сол дәуірдің тыныс-тірлігін өз дәреже, деңгейінде бейнелей отырып шындықты айту болып есептеледі. Бұл орайда ғалым Б.Шалабаевтың мына пікірі орынды: «Қазақ романының алғашқыларының бірі «Қартқожада» халықтың күнделікті қолданысындағы қарапайым сөздер автор қаламынан төгіліп отырады. Роман лексикасынан, қазіргі прозада бар болса да, некен-саяқ кездесетін (белгілі бір стильдік мақсатта), өз тұсындағы сан-алуан сөздік үлгілерін табамыз. Мысалы: нашар (кедей), бейуаз (бейкүнә, бейшара), азбеніш (алданыш), қарға (бала), аяғын шырмау (үйлендіру), қазан бұзар (тентек), сөкетті қылу (кінәлау), үшкөл (школа, мектеп), перуаштік (аудармашы), нашалнік (бастық), біткенше (азғана), бұзық (ғаламат) т.б.» (5, 41б.).

Жазушы игерген әдеби әдіс өзінің тіл өрнегіне қатысты ерекшелігімен біртұтас бірлік тауып, шығарманың идеялық, көркемдік сапа-

сын анықтаған жағдайда, сол сапаның белгісі шығарманың мазмұны мен пішінінің дүниетанымына сай өмірді көркемдік заңымен игеру жолы деп білуіміз керек.

Ж.Аймауытұлының «Қартқожа» романы қоғамдық-әлеуметтік құбылыстарды, өмір-уақыт шындықтарын, қазақ ауылындағы дәстүр өнегелерін, тұрмыс-салт суреттерін басты тұлға Қартқожа төңірегінде топтастырып, сол арқылы адам әлемін еңбегі мен мақсат-мүраттарын көркем, нанымды баяндайды.

Жазушының «Қартқожа» романындағы көшпелі өмірдің көріністері, өмір шындығы мен уақыт сырлары тарихи дәлдікке, ақиқат жайттарға негізделеді.

Қартқожа жолы – қазақ халқының басынан өткерген әр алуан құбылыс, көріністермен үндес, сәйкестікте суреттелінеді.

Жазушы еңбегі мен шығармашылық ізденістерінен өмір шындығы, оны көркемдікпен игерудің алуан үлгі-өрнектері бар. Халық әдебиетінің үлгілері, адами құндылықтар мен өмірдің шынайы шындықтары кеңінен орын алған «Қартқожа» романы – қоғамдағы адам факторын, адамгершілік-рухани мәселелерді, ең негізгісі, қазақ халқының қиын да күрделі кезеңдерін көркем, шебер де шешен сөз етеді.

«Қартқожа» романының рухани байлығы – халқымыздың өткен өмір-тарихы туралы көркем де жүйелі баяндап, ондағы басты тұлғалардың адами әлемі мен асыл бейнелерін кең көлемде көрсете білген шығармалардың қатарына жатады.

1. Әбдіманұлы Ө. XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиеті. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 104 б.

2. Аймауытов Ж. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989.

3. Сағынбекұлы Р. Жүсіпбек Аймауытұлы (Өмірі мен қаламгерлік хақында). – Алматы: Рауан, 2007.

4. Әбілев Д. Жүсіпбек аға // Қазақ әдебиеті. – 1989. – 13 қазан.

5. Шалабаев Б. Көркем проза тілі. – Алматы: Білім, 1994.

Л. Мекебаева
Мастер художественного стиля

В данной статье анализируются важные для казахской литературы исторические события и особенности художественного мира романа «Қартқожа», а также писательское мастерство Ж.Аймауытова.

Mekebaeva L.
Master of artistic style

This article examines the historical events important for the Kazakh literature and features of the artistic world of the novel "Kartkozha", also Creative Writing Zh.Aymaulytova